



# АҚУҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЙАСИ ЖУРНАЛ

ISSN 1608-9890 [Facebook](#) [Twitter](#) [Instagram](#) [YouTube](#)



№2 • 2017

## «ТӨЙГЕЛЕУ» ЖЫРЫНЫҢ ҮНДЕСТІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төлді төйгелеу жыры еңбек-кәсіпке, нақтырақ айтқанда, бақташылық шаруашылыққа қатысты орындалатын ең бір байырғы фольклорлық-музыкалық шығарма екендігі ғылымда дәлелденіп отыр. Қазақстандағы мамандар тарапынан ел зердесінен ұмытылып, жоғалған деп саналған бұл жырдың әр түрлі нұсқалары алғаш рет отандық ғылымда 1998 жылы айналымға түсті, сонымен бірге, 2008 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығының 1-ші томының «Мал шаруашылығына байланысты фольклор» тарауына жанрлық белгілері мен поэтикалық ерекшеліктері жүйелі талданып, жеке жанр ретінде енгізілді. Қазақстанда қазір ғана нысанға алынған бұл жыр туралы ұлттық құндылықтарға баса назар аударатын моңғол, бурят, қырғыз, қалмақ, өзбек зерттеушілері ертерек пікір айтқаны, дәлірек айтқанда, 1964, 1967, 1971, 1972, 1975, 1978, 1988-інші жылдарда ғылыми айналымға түсіргені белгілі болып отыр. Түрік-моңғол халықтарындағы төлді телу рәсімінің ортақ этнографиялық негізіне П.И.Каралькин назар аударды, бурят мәтінін талдады. Төлді телу жыры ырыми қимыл-әрекет, ән-әуез, магиялық сөз тұтасып, синкретті тұрғандықтан, байырғы жанр болып саналады. Моңғолда қойды, інгенді телу жырларының мәтіні сақталса, қазақта қойды, сонымен бірге, сиырды, қырғыз, өзбекте қойды телу өлеңі сақталғаны анық. Қойға қозыны телігенде, жырдың қайырмасында қазақта негізінен «төйге-төйге», моңғолда «тойг-тойг», бурятта «тээгэ-тээгэ», қалмақта «пөөһә-пөөһә», қырғызда «тшой-тшой» (бұл қазақтағы қойды шақырғанда айтатын «пүшейт-пүшейт» сөзіне ұқсас), өзбекте «турей-турей» (қазақтағы ешкіні шақырғанда айтатын «шөре-шөре» сөзіне үндес, әйткенмен, өзбектер де ешкіге «шөре-шөре» дейтіні белгілі) одағайы айтылады екен. Зерттеу барысында белгілі болғандай, қозыны қойға телу жырының мәтіндері жоғарыдағы халықтардың бәрінде мейлінше толық, әлденеше нұсқада сақталғаны байқалады. Яғни, телу жыры басқа малға қарағанда, алдымен, қой мен қозыға қатысты көп орындалған, бізге жеткен мәтіндер соны көрсетеді, сол себептен де қазақ зерттеушілері телу жырын «төйгелеу» жыры деп атап кеткен. Әйтпегенде, сиырға, інгенге, ешкіге төлді телігенде «төйгелеу» одағайы айтылмайды, бұл сөз қойға қатысты ғана айтылатынын сөз еттік. Мәселен, сиырды телігенде «аухау-аухау», ешкіге «шөре-шөре» сөздері айтылған. Бір қызығы, жоғарыдағы халықтарда ешкі мен лаққа қатысты телу жырының мәтіні сақталмаған, мәлімет берушілер «ешкіге телу жырын айтқанда, өлең сөз айтпаймыз, тек қана шөрелей саламыз» дейді. Бұдан біз, біріншіден, ешкінің қойға қарағанда, көшпелі мәдениетте қадыр-қасиеті белгілі дәрежеде төменшік екенін, екіншіден, ешкі ширақ мал болғандықтан, өз лағынан беталбатты жерімейтінін, сонымен бірге, басқа лақты тез алатын бауырмалдығына байланысты, оған арналған телу жыры көп орындалмағандықтан, өлең мәтіні де сақталмаған деп байлам жасаймыз. Сонымен, төйгелеу жыры төмендегі жайттарға байланысты орындалады: а) енесі өз төлінен жерісе, соны алғызу үшін; ә) жетім қалған төлді басқа саулыққа алғызу үшін; б) төлі өлген саулыққа бөтен төлді алғызу үшін. Егер,

өйтпеген жағдайда, саулық суалып кетеді немесе оның емшегін сүт керіп, желіні ауруға ұшырайды, сол себептен де шопандар айтатын телу жыры бірден-бір практикалық қажеттілікті өтеп келген деуге болады. Қазақ, өзбек, қырғыз, бурят, қалмақ, моңғол халықтарындағы үлгілерді салыстырып қарағанда, төйгелеу жырының композициясы мен функциялық ерекшелігіне тән төмендегідей сарындар анықталды.

1)Қойды алдау-алдарқату, мақтау, сол арқылы мейірлендіру сарыны өзбекте: Қазақта:

Ала ғой, қойым, ала ғой, Өзіңнен туған бала ғой, Жусан жесең жуып бер Изен жесең иіп бер,Төйге, төйге, төйге. Моңғолда: Хундан цагаан хонь минь Хургаа юунда аголоо вэ? Сүүний чинь үнэр Сүүлэнд нь байна шүү дээ, тойг,тойг! Эппақ әсем қойым, Қозыңнан неге жерідің? Сүтіңнің шырын иісі, Құйрығыңда тұр ғой, тойг, тойг!

2)Түсіндіру, үгіттеу, сендіру, көндіру сарыны өзбекте:

Қазақта: Екі көзің шатынап, Осынша неге жерідің? Емізбесең күні бойы, Сыздамай ма желінің? Төйге, қойым, төйге... Аш кенедей қабысып, Қозың қалды талықсып. Шөпек қағып жатыр ғой, Бауырыңа жабысып. Басқа қозы мәз боп жүр, Енесіне табысып.

3)Сес көрсету, доңайбат жасау, зекіру, қорқыту сарыны

өзбекте. Қазақта: Төйге, төйге, төйге, Жерісең таңам жеті күн, Алмасан таңам алты күн, Алағой, қойым, ала ғой, Өзіңнен туған бала ғой... Бай баласы Башақан, Қой баласы қошақан.Өз қозыңнан жерісең, Таяқ пенен асатам!

Төйгелеу жырының сарындарында шопанның мифтік таным тұрғысынан малды тіл ұғатын хайуан деп түсінуі, сөйлесуі немесе киелі мал пірімен тілдесу, мәмлеге келу амалдары көзделген. Сонымен бірге, әр халықтағы үлгілердің әу баста ортақ бір тамырдан таралғаны бадырайып көрініп тұр, қысқасы төйгелеу жырын түрік-моңғолдың бақташылық салтындағы аса байырғы, әрі кең таралған фольклорлық-музыкалық жанр деуге толық негіз бар.

Жалпы, ежелгі көшпелілер малдың иесі бар деп оның қаһарынан қорыққан, өз әрекеттерін түрлі магиялық сөздермен тұспалдап білдіріп, тілсұқтан жасырып, сол арқылы рух-иелерді жаңылдыруды, алдарқатуды, нәтижесінде мейірлендіруді көздейтін болған. Мәселен, қой сойған кезде бас пен жақты айырарда, көмейдің үстіне қу шөпті қойып, «Сені кескен жоқпын, қу шөпті кестім», – деп өз іс-әрекетін тылсым күштерден далдалайтын ырым жасалады. Осындай үлгідегі көптеген сөздер соңғы кезде отандық фольклортануда «Жалбарыну» деген жеке жанрға арнайы жіктелген еді. Бажайлап қарасақ, тілек, жалбарыну, бата, теріс бата, ырым-тыйымдарда ишаралы сөздер молынан қолданылып, бұндай мақсаттарда, әсіресе,

омонимдер ие-киелерді «жаңылдырушы» символ қызметін атқаратыны байқалады. Мысалы, өзбектегі төйгелеу жырында мынадай жолдар бар:

Әлбетте, мұнда «алма» омонимі қозысы өлген саулықты «жаңылдырып» жұбата түсуге, басқа төлді жатсынбай, бауырына басу шарасына үлкен міндет атқарып тұр деуге болады. Жырдың бірінші жолында кәдімгі тәп-тәтті алқызыл алма жемісі еске түсірілсе, екіншісінде «сауда болған су алма» деп бұйрық рай білдіріледі, бұндағы «алма» етістігі қатал үкім тәрізді естіледі, тіпті «сүтсіз болып суалма!» ,– деген тілекті де білдіріп тұр. Ал, төртінші жолда шопан өз әрекетінен (қозысын өлтіруге себепші болғандықтан) именетіндіктен ақталып, хайуаннан ғафу өтінгендей «Балаңның жоқтығын, жануар, көңіліңе алма», – деген сөздермен жұбату пейілін сездіреді.

Мәтіндерді салыстырғанда, диқаншы, отырықшы өзбектердің жырында тұрмыс-тіршілікке қатысты кейбір өзгешеліктер орын алғаны байқалады. Мәселен, «сонша малдың ішінде, бауда ашылған гүлім», «егер балаңды алмасаң, базарларға барасың» деу – егінші-саудагер жұрттың ұғымына тән. Ғалым Б.Саримсоков телу өлеңін айтушы шопан «егер балаңды алмасаң, сені базарға шығарып сатам, иттерге еміземін, өзінді сойып тастаймын» деп зекіретінін де жазады. Бұл қазақта кездесетін мына шумаққа үндес:

Үйшікжакқабарайын...Алмайқойсанаузыңа,Кергішағаштағайын,Көзінді жіппен таңайын .Тегінде, өзбектегі біз талдап отырған төйгелеу жыры елтірісін алу үшін 3-4 күннің ішінде қозысы сойылатын қаракөл қой тұқымына арналып айтылған нұсқа.Телу жырын бақташылар баяу, қоңыр, сазды, созылыңқы, елжіреңкі әуенмен орындайтын болған. Ғалымдар сыбызғы, қобыз секілді аспаптардың сүйемелдеуімен телу өлеңін айтқан соң, ботасы өлген інгеннің көзінен жасы домалап, күйге елтіп, мейірімі қозып, бөтен төлді жатырқамай, лезде емізіп кететінін жазады. Қазақтағы «Нар идірген» күйі туралы аңыздың екі нұсқасында осындай оқиғаның сілемі суреттеледі .Осы айтылған пікірлерді жинақтап, тобықтай түйін жасасақ, көшпелілер музыка мен поэзияның құдыреті арқылы саналы адам баласы тұрмақ тілсіз хайуан малдың да жүрегін елжіретіп, өз әмірін айналасына рухани тәсілдермен жүргізе білген деп қорытынды жасауға болады.

мақаланың соңында фольклорлық-музыкалық экспедиция кезінде Моңғолия қазақтарынан жазып алған төйгелеу жырының нотасын ұсынып отырмыз. Отандық ғылымда жаңадан зерттеу нысанына айналған төйгелеу жыры еңбек-кәсіп фольклорының жанрлық түрін байыта түседі, әрі музыкалық мұрамыздан өз орынын алуға әбден лайықты.